

"Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1313 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 714 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 6 қыркүйекте № 29434 болып тіркелді

"Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 28 тамыздағы № 1313 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17327 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

Жоғарыда аталған бұйрықпен бекітілген Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларын бекіту туралы қағидасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің міндетін атқарушы

A. Мадалиев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
міндетін атқарушы
2022 жылғы 26 тамыздағы
№ 714 бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 28 тамыздағы
№ 1313 бұйрығымен
бекітілген

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер.

1. Осы Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-1-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Патент Заңы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, "Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 2) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімінен, Өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінен, Пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінен, Өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізілімінен, Тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен, Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) үзінді көшірмелерін беру тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімі – Тіркелген географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізімі;

2) өтініш беруші – Қазақстан Республикасының Селекциялық жетістіктерінің, өнертабыстарының, пайдалы модельдерінің, өнеркәсіптік үлгілерінің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірмені ұсынуға өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;

3) Пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімі – Тіркелген пайдалы модельдердің мемлекеттік тізілімі;

4) патенттік сенім білдірілген өкілдер – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті орган мен сараптама жасау ұйымы алдында өкілдік етуге құқық берілген Қазақстан Республикасының азаматтары;

5) сараптама ұйымы – "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Санаткерлік меншік құқығы жөніндегі комитетінің Ұлттық санаткерлік меншік институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 шелдедегі № 756 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, өз қызметінде уәкілетті органға ведомствоның бағынысты сараптама ұйымы;

6) Селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі – Қазақстан Республикасының қорғалатын өсімдік сорттарының мемлекеттік тізілімі мен Қазақстан Республикасының патенттер берілген сорттарды, тұқымдарды қамтитын қорғалатын жануарлар тұқымдарының мемлекеттік тізілімі;

7) тауар белгісінің иесі (құқық иеленуші) немесе тауар шығарылған жердің атауын (немесе) және географиялық нұсқамаларды пайдалану құқығының иесі – "Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес тауар белгісіне айрықша құқыққа немесе тауар шығарылған жердің атауын (немесе) және географиялық нұсқамаларды пайдалануға айрықша құқыққа ие жеке немесе заңды тұлға;

8) Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімі – Тіркелген тауардың шығарылған жерінің мемлекеттік тізімі;

9) уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, географиялық нұсқамаларды және тауарлар шығарылған жерлердің атауларын, өнертабыстарды, пайдалы модельдерді және өнеркәсіптік

ұлгілерді, селекциялық жетістіктерді, сондай-ақ интегралдық микросхемалар топологияларын қорғау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

10) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізу дің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

11) "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) – электрондық нысанда көрсетілетін ақылы қызметтер көрсету шенберінде төлемдер жүргізу туралы ақпаратты беру процесін автоматтандыратын ақпараттық жүйе;

12) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

2-тaraу. Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік ұлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру тәртібі

3. Мемлекеттік тізілімдерден үзінділерді сараптама ұйымы ұсынады.

4. Өтініш беруші үзінді көшірме алу үшін сараптама ұйымына осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік ұлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірме беру туралы өтінішхат (бұдан әрі – үзінді көшірме беру тулары өтінішхат) ұсынуы қажет.

5. Қызмет www.kazpatent.kz сайтындағы "Тарифтер" бағанында орналастырылған сараптама ұйымының бағаларына сәйкес ақылы негізде көрсетіледі.

Төлем қолма-қол ақшасыз аударым тәсілімен көрсетілетін қызметті берушінің "newscab.kazpatent.kz" ақпараттық жүйесімен түйістірілген екінші деңгейлі банктің төлем шлюзі арқылы, осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері бойынша жүзеге асырылады.

Өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" өтініштің қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

6. Сараптама ұйымына үзінді көшірме беру туралы өтініш түскен кезде кіріс тіркеу нөмірі енгізіледі.

Өтініш беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереke күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес үзінді көшірме беруге өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты орындаушы құжатты тіркеген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде үзінді көшірмені ұсыну үшін төлемнің түсу фактісін тексереді.

Төлемді растайтын құжат туралы мәліметтерді сараптама ұйымы "Электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.

Төлем түскен кезде жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік тізілімдерден тиісті мәліметтері бар үзінді көшірмені қалыптастырады және оны өтініш берушінің "жеке кабинетіне" осы Қағидалардың 3, 4 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11-қосымшаларына сәйкес электрондық нысанда жолдайды.

Төлем болмаған жағдайда жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беруден дәлелді бас тартуды дайындайды және оны осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес электрондық нысанда өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жолдайды.

7. Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауарлар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірме беруден бас тарту үшін тиісті төлемді растайтын құжаттың болмауы негіз болып табылады.

8. Мемлекеттік тізілімнен үзінді көшірме беру туралы өтінішхатты қарау мерзімі бес жұмыс күнін құрайды.

3-тарау. Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер

9. Сараптама ұйымы Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерін мынадай үзінді көшірмелер ұсынады:

1) Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Тауар белгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;

- 2) Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Географиялық нұсқамалардың мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 3) Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Тауар шығарылған жерлер атауларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 4) Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 5) Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Пайдалы модельдерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 6) Қағидалардың 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Өнеркәсіптік үлгілерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 7) Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Селекциялық жетістіктерінің мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме;
- 8) Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Тауар белгісінің мемлекеттік тізілімінен жалпыға ортақ тауар белгісінен үзінді көшірме;
- 9) Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімінен үзінді көшірме.

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру туралы **ӨТІНІШХАТ**

Өтініш беруші: _____

(қолы) аты, тегі, экесінің аты (болған жағдайда)

Мекенжайы: _____

Зияткерлік меншік объектісінің түрі _____

Тіркеу нөмірі немесе патент нөмірі _____

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы

модельдердің, өнеркәсіптік
үлгілердің, тауар белгілерінің,
географиялық нұсқамалардың
және тауар шығарылған жерлер
атауларының, интегралдық
микросхемалар
топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қагидаларына
2-қосымша

Нысан

Мемлекеттік баж төлеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің қажетті банк деректемелері

Қабылдаушы: Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты, тұрғын емес үй-жай 8

БСН: 020940003199

КБЕ: 16

ТБК: 859

Банк атапы ЖСК БСК

"Нұрбанк" акционерлік қоғамы KZ8584905KZ006015415NURSKZKX

"Қазақстанның Халық Банкі" акционерлік қоғамы KZ386010111000288323

HSBKKZKX, KZ366017111000000792 HSBKKZKX

"Сбербанк" акционерлік қоғамының еншілес банкі KZ14914012203KZ0047J
SABRKZKA

Нұр-Сұлтан қаласындағы "ForteBank" акционерлік қоғамының филиалы
KZ1096503F0007611692IRTYKZKA

Селекциялық жетістіктердің,
өнертабыстардың, пайдалы
модельдердің, өнеркәсіптік
үлгілердің, тауар белгілерінің,
географиялық нұсқамалардың
және тауар шығарылған жерлер
атауларының, интегралдық
микросхемалар
топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қагидаларына
3-қосымша

Нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУАР БЕЛГІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ**

Үзінді көшірмелердің жасау күні:

Мәртебесі

(111) Тіркеудің реттік нөмірі:	(210) Өтінім нөмірі:
(151) Тіркелген күні:	(220) Өтінім берілген күн:
(450) Жарияланған күні:	(181) Тіркеу мерзімі:
(310) - (330) Басымдық өтінімнің нөмірі мен күні:	
(540) Тауар белгісінің бейнесі:	
(591) Тұстерді көрсету:	
(730) Иесі, мекенжай:	
(740) Патенттік сенім білдірілген өкіл:	
Басқа өкіл	
(511) Тауарлар мен қызметтердің тізімі:	
(526) Қорғалмайтын элементтер:	

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларына
4-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ НҰСҚАМАЛАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕҢ ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:

Мәртебесі

(111) Тіркеу нөмірі:
(151) Тіркелген күні:
(210) Өтінім нөмірі:
(220) Өтінім берілген күн:
(730) Иесі:
(540) Атауы:
Географиялық нұсқамалар:
Тауар түрі:
(450) Жарияланған күні:
(181) Жарамдылық мерзімі:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы

модельдердің, өнеркәсіптік
үлгілердің, тауар белгілерінің,
географиялық нұсқамалардың
және тауар шығарылған жерлер
атауларының, интегралдық
микросхемалар
топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қағидаларына
5-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУАР ШЫҒАРЫЛҒАН ЖЕРЛЕРІНІҢ АТАУЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:
Мәртебесі

(111) Тіркеу номірі:
(151) Тіркелген күні:
(210) Өтінім номірі:
(220) Өтінім берілген күн:
(730) Иесі, мекенжай:
(540) Атауы:
Тауар шығарылған жер:
Тауар түрі:
(450) Жарияланған күні:
(181) Жарамдылық мерзімі:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің,
өнертабыстардың, пайдалы
модельдердің, өнеркәсіптік
үлгілердің, тауар белгілерінің,
географиялық нұсқамалардың
және тауар шығарылған жерлер
атауларының, интегралдық
микросхемалар
топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қағидаларына
6-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРТАБЫСТАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:
Мәртебесі

(11) Қорғау құжатының номірі:

(12) Құжат түрінің ауызша белгіленуі:
(21) Өтінім нөмірі:
(22) Өтінім берілген күн:
(31, 32, 33) басымдық деректері:
(51) ХПК:
(54) Атауы:
(73) Патент иесі, мекенжай:
(72) Автор (лар) :
(74) Патенттік сенім білдірілген өкілдер:
(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні:
(86) Халықаралық өтінімнің тіркеу нөмірі және халықаралық өтінім берілген күн:
(45) Бюллетеннің нөмірі мен күні:
Қолданылу мерзімі:
Өзгерту:

(Электрондық цифрлық қолтанба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларына
7-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:

Мәртебесі

(11) Қорғау құжатының нөмірі:
(12) Құжат түрінің ауызша белгіленуі:
(21) Өтінім нөмірі:
(22) Өтінім берілген күн:
(31, 32, 33) Басымдық деректері:
(51) ХПК:
(54) Атауы:
(73) Патент иесі, мекенжай:
(72) Автор (лар) :
(74) Патенттік сенім білдірілген өкілдер:
(85) Халықаралық өтінімді ұлттық фазаға ауыстыру күні:

(86) Халықаралық өтінімнің тіркеу номірі және халықаралық өтінім берілген күн:

(45) Бюллетенің номірі мен күні:

Қолданылу мерзімі:

Өзгерту:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қағидаларына
8-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІПТІК ҮЛГІЛЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:

Мәртебесі

(11) Қорғау құжатының номірі

(12) Құжат түрінің сөздік белгіленуі

(21) Өтінім номірі

(22) Өтінім берілген күн

(31, 32, 33) Басымдық деректері

(51) МКПО

(54) Өнеркәсіптік үлгінің атауы

Суреті

(73) Патент иесі, мекенжай:

(72) Автор (лар))

(74) Патенттік сенім білдірілген өкілдер

(45) Бюллетенің номірі мен күні

Қолданылу мерзімі

Өзгерту:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар

топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қағидаларына
9-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЕЛЕКЦИЯЛЫҚ ЖЕТИСТІКТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:
Мәртебесі

(11) Қорғау құжатының номірі:
(12) Құжат түрінің ауызша белгіленуі:
(21) Өтінім номірі:
(22) Өтінім берілген күн:
(54) Атауы:
(73) Патент иесі, мекенжай::
(72) Автор (лар):
(74) Патенттік сенім білдірілген өкілдер:
(45) Бюллетеннің номірі мен күні:
Қолданылу мерзімі:
Әзгерту:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің,
өнертабыстардың, пайдалы
модельдердің, өнеркәсіптік
үлгілердің, тауар белгілерінің,
географиялық нұсқамалардың
және тауар шығарылған жерлер
атауларының, интегралдық
микросхемалар
топологияларының мемлекеттік
тізілімдерінен үзінді көшірмелер
беру қағидаларына
10-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАУАР БЕЛГІСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ТАУАР БЕЛГІСІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:
Мәртебесі

(111) Тіркеудің реттік номірі:	(220) Өтінім берілген күн:
(151) Тіркелген күні:	(181) Тіркеу мерзімі:
(152) Жалпыға мәлім деп танылған күн:	
(450) Жарияланған күні:	
(540) Танымал тауар белгісінің бейнесі:	

(591) Түстерді көрсету:

(730) Иесі, мекенжай:

(740) Патенттік сенім білдірілген өкіл:

Басқа өкіл

(511) Тауарлар мен қызметтердің тізімі:

Өзгерту:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қагидаларына

11-қосымша

Нысан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИНТЕГРАЛДЫҚ МИКРОСХЕМАЛАР ТОПОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЗІЛІМІНЕН ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Үзінді көшірмелердің жасау күні:

Мартебесі

(11) Тіркеу нөмірі (куәлік):

(12) Құжат түрінің сөздік белгіленуі

(15) Тіркелген күні:

(21) Өтінім нөмірі:

(22) Өтінім берілген күн:

(54) Интегралдық микросхема топологиясының атауы:

(73) Құқық иесі, мекенжай:

(72) Автор (лар):

(45) Жарияланған күні:

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беру қагидаларына

12-қосымша

Нысан

Селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беруден ДӘЛЕЛДІ БАС ТАРТУ

"Ұлттық зияткерлік меншік институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны өтініш беруші ұсынған төленгенін растайтын құжаттың болмауына байланысты селекциялық жетістіктердің, өнертабыстардың, пайдалы модельдердің, өнеркәсіптік үлгілердің, тауар белгілерінің, географиялық нұсқамалардың және тауар шығарылған жерлер атауларының, интегралдық микросхемалар топологияларының мемлекеттік тізілімдерінен үзінді көшірмелер беруден бас тартады.

(Электрондық цифрлық қолтаңба)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК